

6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбында орындалған Малика Толгандиевна Отыншиеваның диссертациялық жұмысына ресми рецензент, философия докторы (PhD) Сеитова Гаухар Аманжоловнаның

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толығымен сәйкес келеді. 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған Малика Толгандиевна Отыншиеваның «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы аясында орындалған, себебі оның мазмұнында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім мен тәрбие беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы

			Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан : іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Толыққанды оқу үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» - деп, онлайн оқыту мен білім беруді цифрландырудың маңыздылығын атап өткен тұжырымдамаларына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады , себебі бүгінгі күні жоғары оқу орындарының алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді үш тілді меңгерген мамандар тәрбиелеп шығару. Бұл – тек жеке адамның байлығы ғана емес, сондай-ақ еліміздің дамыған мемлекеттің қатарына енуіне ықпал ететін негізгі алғышарттардың бірі. ал оның маңыздылығы ашылған , өйткені Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі, білім алушыға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	1) өзі жазу деңгейі жоғары , ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс өзінің дербестігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық тереңдігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Өйткені зерттеудің жетекші идеясы, ол тіл, мәдениет, сондай-ақ білім меңгеру мен оқыту туралы заманауи түсініктер қашықтан білім беруде Smart технологиялар негізінде жүзеге асырылатын саралап оқыту барысында дамып, қайта жанданады. Бұл тұжырымдар халықаралық контексте

			Қазақстандық брендті қолдауға арналған білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылатын бірегей тілдік идеологияны білдіреді деп негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1) негізделген , оның дәлелі - жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың маңыздылығы, қазіргі заманғы тәжірибелік қажеттіліктер және технология ғасырында мемлекеттік саясаттың талаптары ескеріле отырып, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуда білім беру контентін, соның ішінде электронды білім беру ресурстарын қолданудың қажеттілігі арасындағы сәйкессіздіктерді шешу жолдарын іздеу зерттеу мәселесі ретінде қарастырылғаны.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	1) айқындайды , себебі диссертация мазмұны тандалған тақырыптың мазмұнын толық ашып корсетеді. Зерттеу құрылымы ғылыми талантарға сай құрастырылған және логикалық бірізділікпен орындалған. Диссертация анықтамалар тізімінен. кіріспеден, екі негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен мен қосымшалардан тұрады. Кіріспе бөлімінде автор зерттеу жұмысының өзектілігін негізден, мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәні мен нысанын, теориялық және әдіснамалық негіздерін нақты корсеткен. Бірінші тарауда зерттеліп отырған проблема бойынша педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыларынан теориялық және практикалық жақтарынан негізделіп, тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың

		мәндік сипаттамасы мен («Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту» ұғымының авторлық анықтамасы) берілген. Қашықтықтан білім беруде Smart технологиялардың орны мен мүмкіндіктері айқындалған. Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары жасалып, моделі құрастырылған. Екінші тарауда білім алушылардың деңгейін диагностикалауға арналған Smart технологияларды қолданудың мазмұны мен студенттердің дайындық деңгейіне сәйкес сараланған тапсырмалар мен жеке оқу траекториялары жобаланып, оқытудың әдіс-тәсілдері, құралдары, ұйымдастыру формалары қарастырылып, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдістемесі әзірленіп оның тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілген. Қорытынды бөлімде автор зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер мен тұжырымдарды жүйелеген.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	1) Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен қойылған міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнына толықтай сәйкес келеді. Оның дәлелі зерттеудің мақсаты мен болжамына, сондай-ақ белгіленген зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес анықталған зерттеу міндеттері келесі ретте дәлелденген: – Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасы негізделіп («Тілдік емес мамандық студенттеріне

		ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту» ұғымының авторлық анықтамасы) берілген. - Қашықтықтан білім беруде Smart технологиялардың орны мен мүмкіндіктерін айқындалған. - Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары жасалған және моделі құрастырылған. - Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдістемесі әзірленген және тәжірибелік эксперимент барысында оның тиімділігі тексерілген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	1) толық байланысқан, нақты айтатын болсақ диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары негізделіп, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес,	1) сыни талдау бар, бұл үдерісті жүзеге асыру барысында білім алушыларға қашықтықтан білім беру мен Smart технологиялар негізінде оқыту мәселесіне қатысты орындалған зерттеулердің жан-жақтылығы мен маңыздылығына қарамастан, олар жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап

		басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	оқыту мәселесін толыққанды шешілмегендігі айқындалған, яғни бұл саланың дербес ғылыми зерттеу пәні ретінде толық ашылмауы анықталған. Соның негізінде, автор зерттеу мақсатын «Жоғары оқу орнында қашықтықтан оқытуда Smart технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқытуды ғылыми тұрғыда негіздеу және педагогикалық шарттарын жасау» деп қойған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1) толығымен жаңа, Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни диссертант өз зерттеуінде, тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасын негіздеп («Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту» ұғымының авторлық анықтамасын берген. Екінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни зерттеу авторы қашықтықтан білім беруде Smart технологиялардың орны мен мүмкіндіктерін айқындаған. Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни диссертант, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттарын жасау нәтижесінде, осы жүйенің біртұтас моделін, моделдеу әдісі негізінде құрастырған. Төртінші ғылыми нәтиже жаңа, яғни зерттеуші эксперименттің бастапқы кезеңіндегі нәтижелерді талдай келе, ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуға арналған әдістемелерді жетілдіру қажеттігі туралы тұжырым жасап, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап

		оқытудың әдістемесін әзірлеген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1) толығымен жаңа. Бірінші қорытындының жаңалығы, ол зерттеу барысында авторлар жасаған тұжырымдамалардың мазмұнын ескере отырып, тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасын әдіснамалық тұрғыдан негізделгендігі және тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту ұғымына авторлық анықтамасы оқу процесін студенттердің жеке қажеттіліктеріне, деңгейіне және мүдделеріне бейімдеу, мотивацияны арттыру және коммуникативті дағдыларды дамыту мүмкіндігі. Екінші қорытындының жаңалығы, ол зерттеуде қашықтықтан білім беруде Smart технологиялардың орны мен мүмкіндіктерін айқындалып, қашықтықтан білім беруде SMART-білім берудің негізгі элементтерінің бірі ретінде білім алушыларға арнайы әдістемелерді пайдалана отырып, жекелендірілген оқыту ресурстары мен жүйелерімен өзара әрекеттесуі. Үшінші қорытындының жаңалығы, ол зерттеу барысында, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуда педагогикалық шарттарды негіздеу және оны педагогикалық үдеріске енгізудің маңыздылығы. Төртінші қорытындының жаңалығы, ол жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттарының анықталуы жоғары

			оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік бергендігі және моделін құрастыруға мүмкіндігі.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1) Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Зерттеу нәтижелері автордың терең теориялық-әдіснамалық тұғырнамасына, тәжірибелік-эксперименттік зерттеулердің деректеріне, сондай-ақ авторлық «Focus ON. Handbook for developing communicative skills (B1-B2 levels)» атты оқу-әдістемелік құралын мазмұнына сүйене отырып ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Автор ұсынған негізгі тұжырымдар бұрынғы еңбектерде жүйелі түрде қарастырылмаған жаңа идеяларды қамтиды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан терең әрі сенімді негізделген . Олар сапалық (qualitative) зерттеулердің әдістемелік талаптарына, сондай-ақ өнертану мен гуманитарлық ғылымдардың теориялық парадигмаларына толық сәйкес келеді. Бұл негізділіктің басты себебі — зерттеудің әдіснамалық негізінің мемлекеттік бағдарламаларға, салалық заңнамалық актілерге және қазіргі заманғы ғылыми-теориялық тұғырларға сәйкес құрылуы.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;	7.1 Бірінші қағидат дәлелденді. Автор тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасын негіздеп («Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	оқыту» ұғымының авторлық анықтамасын берген. 7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. ия. Бірінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Бірінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан 7.1 Екінші қағидат дәлелденді. Smart-технологиялар білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы белсенді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді және олар оқытушыларға білім алушылардың қажеттіліктеріне жылдам жауап беруге және оқу үдерісін нақты уақытта бейімдеуге мүмкіндік беретін икемді және үздіксіз кері байланыс мүмкіндігін жасайды. 7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. ия. Екінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Екінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан 7.1 Үшінші қағидат дәлелденді. Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары, инновациялық іс-әрекеттердің мазмұндық сипаттамаларын құрастырып және нәтижеге жеткізгендігі мен құрастырылған модель білім беру процесінің қатысушылары арасындағы өзара әрекетті оңтайландыруға, студенттердің оқу және танымдық қызметін құрылымдауға және әртараптандыруға мүмкіндік береді. 7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес,
--	--	---	---

			өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. ия. Үшінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Үшінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан 7.1 Төртінші қағидат дәлелденді. Жоғары оқу орнында қашықтан оқыту жағдайында Smart-технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқыту әдістемесі, тәжірибе жұмысы барысында студенттерінің эксперименттік тобында сынақтан өткізіліп, олардың пәндік құзыреттілігі мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығы. 7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. ия. Төртінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Төртінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан.
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	1) иә, әдіснаманы таңдау – негізделген, яғни автор өз зерттеуінде келесі әдіснамалық ұстанымдар мен тұғырларға негізделген: - шет тілдерін оқытудағы оқу үрдісінің кәсіби-коммуникативтік бағыттылығының теориясы (А.В. Аитов, Н.Д. Гальскова, М.Г. Евдокимова, Р.П. Мильруд, П.И. Образцов, Е.И. Пассов, Е.Р. Поршнева және т.б.); - көптілді және көпмәдениетті тілдік тұлға және лингвистикалық көпмәдениетті білім берудің теориясы мен тәжірибесі (В.В. Сафонова, П.В. Сысоев, В.П. Фурманова, И.И. Халеева және т.б.); - кәсіптік білім мазмұнын жобалау және модельдеу теориясы (В.И. Андреев, Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, Е.В. Бондаревская, В.И. Загвязинский, Г.И.

		Ибрагимов, Н.Ф. Коряковцева, Ю.Г. Фокин, F. Smith және т.б.); - қостілділік, көптілділік, терминжасам мәселелері (К.Н. Булатбаева, З.К. Ахметжанова, Ш. Курманбайұлы, А. Амирхамзин, Илиуф Хаджи-Мурат, Н.В. Барышников, В.В. Лазарев, Б.А. Жетписбаева, Т.Т. Абдукадырова, Я.М. Колкер, Р.К. Миньяр-Белоручев, И.И. Жинкин, А.С. Смагулова және т.б.); - шет тілдерін оқытудағы әлеуметтік-мәдени тәсіл (Н.И. Алмазова, О.Г. Оберемко, В.В. Сафонова, П.В. Сысоев, В.П. Фурманова және т.б.); - шет тілін оқытудағы коммуникативті-танымдық тәсіл (Н.В. Барышников, И.Л. Бим, С.С. Кукулина, Р.П. Мильруд, О.Г. Оберемко, А.Н. Шамов, А.В. Щепилова және т.б.); - шет тілдерін оқытудағы құзыреттілік тәсіл (Д. Маклелланд, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, А.В. Болотов, Н.И. Алмазова, Г.К. Селевко т.б.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	1) иә, зерттеу барысында ізденуші зерттеу болжамының дұрыстығын анықтау мақсатында өзара толықтырып, байыта түсетін бірқатар әдістер кешенін тиімді қолданған: – теориялық әдістер, зерттеу жұмыстарына шолу жасау; философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, зерттеу мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық және оқу-әдістемелік құжаттарды теориялық талдау; моделдеу; жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін саралап оқыту бойынша педагогикалық тәжірибені зерттеп, зерделеу; – эмпирикалық әдістер: педагогикалық эксперимент ретінде тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың анықтаушы, қалыптастырушы,

		қорытынды кезеңдері жүзеге асырылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде статистикалық деректерді өңдеу мақсатымен сұхбат жүргізу, бақылау, әңгімелесу, сауалнама, білім алушылардың шетел тілі деңгейін анықтайтын тест, диалогтық тілдесім тесті, Т. Paribakht пен М. Wesche «Сөздік қорды тексеру шкаласы (Vocabulary Knowledge Scale)». Сонымен қатар педагогикалық бағалау, педагогикалық құжаттарды зерттеу, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың нәтижесінде студенттердің дайындық деңгейлерінің диагностикасы, алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері: ранжирлеу, шкалалау, рейтингтік бағалау, зерттеу барысында алынған нәтижелерді математикалық және статистикалық өңдеу әдістері.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	1) иә, Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен құрастырылған модель нақты ғылыми негізінде құрылып, тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер арқылы сенімді түрде дәлелденген. Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдістемесі тәжірибелік тұрғыдан негізделіп, сынақтан өткізілген және олардың нәтижелеріне талдау жасалған. Педагогика факультеті студенттеріне арналған қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту үшін авторлық «Focus ON. Handbook for developing

			communicative skills (B1-B2 levels)» атты оқу құралын енгізу нәтижесінде және де ағылшын тілін оқыту үдерісіне сараланған тапсырмаларды енгізу білім алушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға және пәндік дағдыларының қалыптасу деңгейін арттыруға ықпал еткен.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесіндегі пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті .
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ.	бар , ол диссертанттың тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасын негіздеп («Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту» ұғымының авторлық анықтамасы мен зерттеуде қашықтықтан білім беруде Smart технологиялардың орны мен мүмкіндіктері айқындалуы.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ.	1) иә, Диссертацияның практикалық маңызы, ол жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдістемесі, яғни даярланған авторлық Practical course for developing students' communicative skills in English language (A2-B1 levels) электрондық практикумы академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ, тілдік емес мамандықтардың бірінші курс студенттері үшін «Шетел тілі» және «Иностранный язык» пәндерін оқытудағы оқу процесіне енгізілген туралы құрастырылған

			акт. Сонымен қатар, қашықтан білім беру жағдайында Smart технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқытуға арналған авторлық электрондық оқу құралы – Focus ON. Handbook for developing communicative skills (B1-B2 levels) әзірленгені және әзірленген жұмыстардың жоғары оқу орындары практикасында қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1) толығымен жаңа, диссертациялық жұмыстың нәтижесінде қорытындылар мен жасалған практикалық ұсыныстар жоғары оқу орындарында болашақ жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерін дайындауда және білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	1) жоғары, «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбында жазылған Малика Толгандиевна Отыншиеваның диссертациялық жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары және орындалған диссертациялық жұмысы білім беру кеңістігіндегі маңызды проблемалардың бірін зерттеуге арналған, отандық ғылым мен практикаға өз үлесін қоса алатын еңбек болып саналады.
11.	Диссертацияға ескертулер	Рецензияға ұсынылған диссертациялық жұмыс бойынша келесідей ескертулер жасалады: - Автор, зерттеу жұмыстың 55 – ші бетінде моделдеу әдісі негізінде әзірлеген моделіміздің ерекшелігі ол бір жағынан жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың негізі болып, екінші жағынан осы бағыттағы қарастырылып жатқан ғылыми мәселелерге бейімделген педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға болады деп негіздейді. <i>Алайда, сол бейімделген педагогикалық жүйенің сипаттамасы берілгенде, жұмыстың</i>	

		мазмұндық деңгейі артар еді. - Анықтаушы эксперименттің барысында 78 - бетте қашықтықтан білім беруде SMART технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқытудың компоненттері мен пәндік дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық әдістердің кешені қолданылды яғни Михельсон. «Коммуникативтік дағдылар тесті» және «Диалогтік тілдесім тесті». Осы екі диагностикалық әдістердің мазмұны толық ашылса дұрыс болар еді. Дегенмен, көрсетілген ескертулер диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	Диссертациялық жұмыстың мазмұны автордың 12 ғылыми еңбектерінде жарық көрген. Диссертация тақырыбы бойынша 2 оқу құралы, 1 электронды оқу құралы, 1 электронды практикум, сонымен қатар, 3 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала Scopus базасының деректер қорына енген шетелдік журналда жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі	Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Малика Толгандиевна Отыншиеваның «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» атты диссертациялық жұмысы өте жоғары ғылыми деңгейде орындалған дербес зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Отыншиева Малика Толгандиевнаға 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп тұжырымдаймын.

Ресми рецензент:

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті,
Шетел тілдері және аударма
білім беру бағдарламасының
жетекшісі, PhD



Сейтова Г.А.

